



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1. Боровая Светлана Игоревна – Урок «История чисел и систем счисления
2. Фомин С. В. Системы счисления. — М.: Наука, 1987. Выпуск 40 — 48 с. — (Популярные лекции по математике).
3. Учебные материалы преподавателей ТГПУ – Кафедра общей информатики - Системы счисления (исторический обзор)
4. Желобякова Татьяна Юрьевна – Двоичная система счисления
5. Стахов А. – Роль систем счисления в истории компьютеров

ӘОК 004.4

ASP.NET MVC ОРТАСЫНДА МОБИЛЬДІ БЕТ ҚҰРУ

Сайрамбаева Гүлбану Ермаханқызы

banu-1992bk.ru


Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің МиБ-21 тобының
2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. К. Альжанов

Қазіргі таңда заманауи компьютерлік техника мен мобильді құрылғылардың дамуы ақпараттық технологиялардың жаңа бағытын орнатты. Компьютерлер мен қатар желі бірге дамып келеді. Осыдан ондаған жыл бұрын Интернет кішкене жеке желі болса, енді бұл өзара байланысқан компьютерлердің алып жүйесі, Интернетсіз біз өз өмірімізді елестете де алмаймыз. Интернет қолданушыларына арналған қолжетімді ақпарат, арнайы программалық қамтама орнатылған компьютерлерде орналасады. Осы ақпараттың бөлігі Web-сайт түрінде ұйымдастырылған.

2015 жылдан бастап Google сайтқа жаңа талаптар қойды. Осы жылдан бастап мобильді беттерге сәйкес жасалмаған сайттар ұсынылмайтын болады. Себебі қазіргі кезде интернет желісін қолданатын пайдаланушылардың көбі мобильді құрылғылар бойынша интернетте жұмыс жасайды. Соған сәйкес Google компаниясы сайттың мобильді құрылғыларға сәйкестігін анықтайтын арнайы бағдарлама арқылы анықтау жүргізеді[1]. Мобильді құрылғыларда сайттың ұсынылуына сәйкес бірнеше талаптары бар.

- Мобильді бет құру кезінде оның дизайнына суреттерге аса кең көңіл бөліп қажеті жоқ. Ең бастысы қолдануға ыңғайлы болуында;
- Мобильді сайт ішіндегі мәліметтердің URL- адресінің бір жерде орналасуы;
- Шрифт өлшемі үлкен, горизонтальды айналу жолағының болуы, сілтемелер мен сілтемелер арасындағы алшақтық, сілтемеге кіру масштабтың көмегімен орындалуы;
- Қарапайым навигациямен және нақты жобасының болуы;
- Смартфонның дербес компьютерлерден айырмашылығы экранның көлемінің кішкентайлығында. Кез келген мобильді құрылғы немесе планшеттерге сәкес экраны автоматты түрде өзгерілуі тиіс. Мысалға, iPhone 4 экранның диагональ 3.5 дюйм.
- Анимация мен видеоларды қолданбау. Себебі оны жүктеу үшін көп уақыт кетеді және мегабайт санын көп болуына байланысты тиімді емес.
- Компьютерге қарағанда телефонмен текст теру қиынға соғады пернелердің жақын орналасуына байланысты текст дұрыс термеген жағдайда сұраныс орындалмайды.

Осындай жағдайды болдырмау үшін пайдаланушы ақпаратты шығару кезінде текстті теру қиындық соқтырмауын ескерген жөн. Біз жоғарыда атап өткен талаптарға сәкес жасалынған мобильді бет салыстырмасын 1-суреттен көруге болады.



1- сурет мобильді беттің ұсынылуы.

Қазіргі кезде бізге сайт құруда қолданылатын бағдарламалар көп. Соның ішінде кең тарағаны және бізге танымал бағдарламалау тілдері: Joomla, JavaScript, VBScript, PHP, Perl, Java, XML және ColdFusion. Мобильді бет құру кезінде қолданылатын бағдарлама **ASP.NET MVC**. **ASP.NET MVC** – *ашық бастапқы кілті бар, Model-View-Controller паттерннің негізінде мобильді бет құруға мүмкіндік беретін тегін платформа*. MVC – көптеген өндірушілерге таныс болып келетін стандартты паттерн. Мобильді бет және қосымша құруға арналған – Asp.net MVC бағдарламасы. Мобильді құрылғылар үшін мобильді бет және қосымша құруды жеңілдету үшін, ASP. Net арнайы мобильді құрылғыларға арналған веб-қолданба құру кезінде System.Web.Mobile кеңістігін ұсынады. Веб- бетті MobilePage базалық классымен және System.Web.Mobile кеңістігінен басқару элементтерін қосады. Көптеген мобильді құрылғылардың экраны дербес компьютер экранынан бірнеше есе кіші екенін ескеру керек. ASP. Net MVC көптеген жаңартылған және көптеген жаңа мүмкіндіктері бар:

- Razor ұсыну движок
- NU Get басқару пакетінің көмегі арқылы
- Күшейтілген кеңейтілімі
- Глобальды фильтр әдісі
- Динамикалық программалау тілдерінің мүмкіндіктері
- Ішара бетте кэш шығару
- Ажах технологиясының күшейтілген жүйесі
- Валидация инфраструктурасының кеңейтілген бөлімі
- Мобильді құрылғыларға арналған шаблондар
- Веб- интерфейс
- Web API
- Қосымшаның жаңа дайын үлгілері
- Knockout, jQuery Mobile, jQuery, jQuery UI және Modernizer кітапханалармен толықтырылған[2].

MVC паттерн

Asp.net MVC –те кез келген web- қосымшамен жұмыс жасаған кезде 3 логикалық бөлікке бөлінеді. MVC паттерн=Model, View, Controller *қолданбаларды үш логикалық компоненттерге жіктейді:*

- Model (Модель)- домен, бағдарламаның негізге қолданбаларынан тұрады. Мұнда мәліметтер қорынан, XML файл тұрады. Берілген қолданбалардың логикалық доменін жүзеге асырушы. Модельдер объектісі деректер қорындағы модельдер күйін сақтайды.
- View (көрініс)- белгілі нақты контексте визуальды модель мен интерфейсті

бейнелейді. Әдетте, бұл интерфейс модельдегі деректерге сәйкес құрылады. Ұсыну Модельмен жұмыс жасайды. Контроллерге тәуелді емес. Razor(движок), Хелпер, ішанаға ұсыну.

- Controller(Контроллер)- сұраныс қабылдайды, өңдеп, мәліметті шығарады. Координатор, ұсыну мен модель арасын бір- бірімен байланыстырып отырады. Контроллерлер қолданушымен болатын қарым-қатынасты басқарады, модельдермен жұмыс істейді және берілген көріністердің қайсысын өңдеп, қарым-қатынас барысында қолданушыға беру қажет екенін таңдайды. Контроллер Модельмен жұмыс жасайды.

Контроллер мен көрініс модельге тәуелді, ал модель контроллер мен көрініске тәуелді емес. Ұсынылып отырған Asp.net MVC алты түрлі типті үлгілерін ұсынады. Олар: Basic(негізгі), Empty (бос), Internet Application (интернет- қосымша), Intranet Application(интранет қосымша), Mobile Application(мобильді қосымша), Web API (веб- шаблон) проектілерінен тұрады. Аталған типтер ішінде 4 типін мобильді бет құру кезінде қолданамыз.

Empty (бос)-Бос үлгі минимальды сілтеме және ресурстарынан, ұсыну, модель, контроллер, Бос App_Data файлынан, web.config және Global.asax және web.config.App_Start папкасынан тұрады. Бұл үлгі қолдану мобильді –бетті өзіңіз жаңадан құрғыңыз келген жағдайда қолдану тиімді.

Basic(негізгі)-Бұл үлгі негізгі деп аталады. Бос үлгіден ерекшелігі мұнда жаңа папка Content , Script қосылады.

Internet Application (интернет- қосымша)-Интернет- қосымша үлгісі жоғарыдағы үлгіге қарағанда кеңейтілген. Контроллер папкасын 2 (Account controller and Home controller) тұрады. Сонымен қатар осы екі контроллерге сәйкес ұсыну мен модель папкалары толығыады.

Mobile Application(мобильді қосымша)-Мобильді қосымша үлгісі- мобильді құрылғыларға дайын базалық JQuery Mobile JavaScript ,HTML үлгісін ұсынады[3].

ASP.NET технологиясы негізінде программалау мәселесі күрделі әрі тын болғандықтан оның барлық салаларын түбегейлі қамтып шығу мүмкін емес.

Қолданылған әдебиет

1. <http://www.asp.net/mvc>
2. Гайдар Магдануров, ASP.NET MVC FRAMEWORK, 317 б
3. Джеффри Палермо, Джимми Богард . ASP.NETMVC 4 в действии, 407б.

ӘОЖ 371:004

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Самбетова А.Р., Сүлейменова К.Қ.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1- ші курс магистранттары, Астана қаласы

Ғылыми жетекші- М. Серік

Әлеуметтік-экономикалық реформалардың өмірге келуі, техникалық-технологиялық үдерістің ықпалымен кәсіби қызметтің мазмұны мен мінездемесінің өзгеруі, жаңа техник мен технологиялардың қолданылуы мамандарға жаңа талаптар қойды.

Әр елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы білікті мамандардың интеллектуалды потенциалы байланысты кезең туды. Бұл жоғары оқу орындарына жаңа міндеттер қойды. Ол өз кезегінде техникаға, технологияларға және оларды оқу үдерісіне енгізумен және игерумен байланысты және сәйкес білім бағдарламасын жасаумен ұштасты.

Жоғары жалпы міндетті мемлекеттік білім стандарты жасалды, жаңа білім бағдарламасы пайда болды, пәндер циклдары үшін барлық қажетті ерекшеліктер ескерілді, ол сәйкес жоғары оқу орнының мүмкіншіліктерін ескерді және оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік негізі болды.

Ғылым мен техниканың қазіргі кездегі деңгейі, өндірістің, өнеркәсіптің